

3

Аты аңызға айналған аға



4

Мамандығымен мерейі үстем



Сыр бойы

10 қазан, бейсенбі 2024 жыл

№156 (20830)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚ-КОРЕЙ БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Төрағасы У Вон Шикпен кездесті.



Қасым-Жомарт Тоқаев У Вон Шиктің Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Төрағасы ретінде Қазақстанға жасаған алғашқы сапары елдеріміз арасындағы тығыз қарым-қатынастардың дәлелі екенін айтты.

Президент Қазақстанның Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі Оңтүстік Кореямен арадағы санқырлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өтті.

Мемлекет басшысы тараптардың парламентаралық ықпалдастықты жандандыру жолындағы күш-жігеріне қолдау білдірді. Бұл – саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайту ісінің маңызды тетігі.

Өз кезегінде У Вон Шик қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, қазақ-корей байланысын барлық бағыт бойынша тереңдетуге дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен У Вон Шик автокөлік құрастыру, энергетика, өнеркәсіп, білім және мәдениет салаларында қазір жүзеге асырылып жатқан және алдағы уақытқа жоспарланған бірлескен жобалар жөнінде пікір алмасты.

Әңгімелесу барысында барлық деңгейдегі диалогты жалғастырудың, сондай-ақ көпжақты алаңдар аясындағы кездесулердің маңызды екені айтылды.

/// ЕРТЕҢ – «АЛТЫН ДӘН» МЕРЕКЕСІ

«...ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕР ЖОМАРТ»

Сыр диқандары тағы бір жауапты маусымның мәресіне келді. Жаз бойы жайқала өскен егіннен мол өнімге негіз қаланды. Жергілікті еңбеккерлер бұл іске үлкен жауапкершілік танытып, әрбір дәннің ысырапсыз қамбаға құйылуына зор үлес қосты. Жекелеген шаруашылықтар жоғары өнім жинап, тіпті кейбір күрішшілер рекордтық деңгейге жетті. Бұл – әрине, еңбекпен келген елдің несібесі.



Коллаж: К. Орыспаев

СУ – ТІРШІЛІК НӘРІ

Кейінгі жылдарда қызылордалық егіншілерді дария деңгейі алаңдатып тұрғаны рас. Оның себебі де жоқ емес. Түрлі себеппен жоғарыдан келетін су мөлшері азайып кетті. Бұл диқандардың жоспарланған көлемде егін егуіне кедергісін келтірді. Сондықтан жыл басында «биыл судың жағдайы қалай болады?» деген сауал көпшілікті алаңдатқаны рас. Тіпті күріш көлемін едәуір қысқартуға ұсыныс жасағандар да бар. Әрине, жергілікті жердің климаттық, әлеуметтік жағдайы оған мүмкіндік бермейді. Күріш егілмеген алқап тұзданып кетеді. Ал елдегі ағайынның кәсіп көзінің басым бөлігі осы – егіншілік.

– Рас, кейінгі жылдарда облысқа өз мөлшерінде су келген жоқ. Бізге бөлінетін судың лимиті 3,5-3,7 млрд текше метр шамасында белгіленген еді.

Алайда вегетациялық кезеңде сол судың небәрі 60-70 пайызы жетті. Диқандар барынша үнемді пайдалануға ден қойды. Біздің тарапымыздан суды кезектесіп беру тәртібі қалыптасты. Жан-жақты ымыралы әрекеттің арқасында жақсы өнім жиналды.

Күріш көлемін сәл қысқартқанымыз жасырын емес. Жылдың басында да көкейде сол сауал тұрды. Осы орайда облыс басшылығының ұсынысы, Үкіметтің қолдауы нәтижесінде ұтымды жұмыс жасалды. Лимит бойынша бөлінген суды толықтай алдық. Бұл жөнінен диқандар қиналған жоқ, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Басқарманың мәліметіне сүйенсек, биыл 189,4 мың гектарға егін етілген. Оның ішінде күріштің көлемі – 85,6 мың гектар. Судың жағдайына байланысты өткен жылмен салыстырғанда егін 3,9 мың гектарға азайды. Басым бөлігін күріш құрайды.

Кейінгі үш жылдың көлемінде облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жергілікті тұрғындарды әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шаралар атқарылды. Нәтижесінде 4,3 мың отбасына ұжымдық түрде бақша егуге қосымша 5 мың гектар жер дайындалды. Елдегілер 916,7 гектарға картоп, 817 гектарға көкөніс, 1445,7 гектарға бақша дақылдарын орналастырды. Одан жылма-жыл жоғары өнім алынууда.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТЕҢІЗ ҰЛТАНЫНА СЕКСЕУЛ ЕГУ ЖАЛҒАСУДА

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен жылу беру маусымының басталуы, мемлекеттік орман қорын ұлғайту жөніндегі шаралар, Үкімет қаулыларының жобалары талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егудегі кешенді жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1 млн 100 мың гектар жерге бес жыл ішінде сексеуіл егу тапсырмасы жоспарға сәйкес орындалуда.

2021-2023 жылдары 544 мың 200 гектар жерге, осы жылы көктемде 65 мың гектарға сексеуіл көшеттері отырғызылды. Қараша айында 211 мың гектар аумаққа егілмек. Келесі жылы қалған 280 мың гектарға сексеуіл көшеттері мен тұқымын егу жоспарланған. Оның 100 мың гектары облыстың үлесі болса, қалған 180 мың гектары Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесілі.

Облысқа жүктелген 15 млн көшетті дайындау үшін орман шаруашылығы мекемелерінде 8 уақытша тұқымбақ ұйымдастырылды. Одан бөлек, Дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен 441 млн теңгеге аумағы 33,5 гектар тұқымбақ салынып, пайдалануға берілді.

2-бет

/// ҚҰРМЕТ

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мұнай саласының еңбек сіңірген ардагері, «Құрмет» орденінің иегері Көшербаев Болат Елеуұлының зейнет демалысына шығарып салу рәсімі өтті. Жиынға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Серікқали Брекешев, мұнай-газ саласының мамандары, облыстың зиялы қауымы, ардагерлер қатысты.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫН АРНАЙЫ КОМИССИЯ ТЕКСЕРЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы құрылыс жұмыстарына қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

Облыс аумағында ұлттық жобалар, мемлекеттік бағдарламалар аясында және инвесторлар демеушілігімен бой көтерген жана нысандар қатары көп.

– Аймақтағы құрылыс нысандарын арнайы комиссия тексеретін болады. Бұған дейін анықталған кемшіліктер мердігер мекемелерге ескертілді. Алайда қалпына келтіру жұмыстары

толық жүргізілмей келеді. Құрылыс барысы қала, аудан әкімдерінің, жауапты басқарма мен болім басшыларының қадағалауында болуы керек.

Комиссия бірінші кезекте әлеуметтік нысандарды тексереді. Сонымен қатар, жол, газ бен электр желілерін жүргізу жұмыстарын да бақылайды, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы құрылыс барысындағы кемшіліктерді мердігер мекеме өз есебінен қалпына келтіретінін, олай болмаған жағдайда заң аясында тиісті шаралар қабылданатынын айтты.



/// БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

**2025 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ**

**«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге**



/// ЕҢБЕК АДАМЫ

«АУЫЛДЫҢ КЕЛЕШЕГІ БІЗДІҢ ДЕ ҚОЛЫМЫЗДА»

Нұрдаулет Қойшығұл – күрішші-механизатор. 2017 жылдан бері Жалағаш ауданындағы «Таң ЛТД» ЖШС-да еңбек етеді.

Биыл 26 жасқа толған Нұрдаулет бала кезінен күріш егудің қыр-сырына қанығып өсті. Әкесі Қойшығұл 35 жылдан астам шаруашылықта жұмыс жасаған.

– Рас, менімен қатарлас жастардың көбісі түрлі себеппен ауылдан кетті. Десе де қасиетті мекеннің келешегі біздің де қолымызда емес пе?! Қазір ауылда да жағдай жақсы. Жалақы уақытылы беріледі. Әкемнің жанында жүріп шаруашылықта еңбек етуге шешім қабылдадым. Оған

еш өкінген емеспін. Жалпы, күріш өсіру мен үшін қиынға соққан жоқ. Егіннің қыр-сырын жақсы меңгеріп алдым. Шаруашылық 2800 гектарға жуық күріш өсіреді. Биыл орта өнім 77,7 центнерден келіп жатыр. 2021 жылдан бері ресейлік «Каурис» сорты егіледі. Өнімі өте жоғары. Өзіме бекітілген 45 гектардан 94,5 центнерден өнім жинадым. Тізілгендегі америкалық «John Deere» комбайны – сапалы техника. Оның өнімділікке тікелей әсері бар, – дейді Нұрдаулет.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



Валюта бағамы

\$ 486,44 kzt

€ 534,31 kzt

₺ 5,06 kzt

Ауа райы

☁️ +20° +22°

☁️ +15° +17°

ТЕҢІЗ ҰЛТАНЫНА СЕКСЕУЛ ЕГУ ЖАЛҒАСУДА

Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы орманды алқапты жандандыру жұмыстарына Еуропа елдерінен грант тарту үшін Сыртқы істер министрлігінің келісімімен Еуроодакқа мүше мемлекеттер елшілерін өңірге арнайы шақырды. Мамыр айында Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Юрвич Василенко бастаған 20 елші келді. Арал өңіріндегі жұмыстармен танысып, қолдау көрсету жөнінде алдын ала келісім жасалды. Нәтижесінде Арал өңірінің экожүйесін жақсарту бағытында нидерландық «DGB Group» және қытайлық «BGI Group» компанияларымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егу жоспарға сай атқарылып, белгіленген мерзімде аяқталатын болады. Жұмыстар тұрақты бақылауында, – деді Н.Нәлібаев.

Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін соңғы 3 жылда облыстық бюджеттен 1 млрд 800 млн теңге қаржы бөлініп, 96 арнайы техника, 49 қажетті құрал-жабдық сатып алынды.

Арал өңіріндегі орманды алқапты кеңейту жұмыстарына отандық компаниялармен қатар, шетелдік ұйымдар да кеңінен тартылуда. Мәселен, америкалық «USAID» Халықаралық даму агенттігі «Аралды құтқару қоры» арқылы құрғаған ұлтанындағы сексеуіл екпелерін суаруға алғаш рет ұнғымалар қазып, 500 гектар аумаққа «Оазис» демонстрациялық алаңын құрды. Осындай жобаны жүзеге асыруда отандық «Freedom Finance» холдингі басшылығымен де келісімге қол жеткізілді.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫН КЕДЕРГІСІЗ ӨТКІЗУ МАҢЫЗДЫ

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте жылу беру маусымының басталуы және мемлекеттік орман қорын ұлғайту мәселелері қаралып, тиісті тапсырмалар жүктелді.

– Жылу беру маусымының кедергісіз өтуі өте маңызды. Биыл Үкімет дайындық жұмыстарына жан-жақты қолдау көрсетіп, жобаларды іске асыруға қажетті қаржы бөлді.

Өткен аптадағы көшпелі мәжілісте барлық жауапты мекемелерге дайындық жұмыстарын сапалы ұйымдастыру бойынша тиісті тапсырмалар берілген болатын. Олардың дер кезінде, сапалы орындалуын қатаң бақылау керек. Әлеуметтік нысандардың жауапты маусымға дайындығы баяу жүруде. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт басқармалары, әлеуметтік нысандардың жылу қазандықтарының толық дайындығы мен отын қорының жасақталуын қатаң бақылауға алыңыздар.

Өткен жылу беру маусымында қаладағы КСК-сы жоқ тұрғын үйлерді жылуға қосуды бірқатар мәселе туындады. Мұндай жағдай биыл қайталанбауы тиіс!

Биыл Қызылорда қаласындағы 187 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен қамту жоспарланған, Үкімет резервінен 11 млрд теңге бөлінген. Жұмысты 15 қазанға дейін аяқтауды тапсырдым. Берілген тапсырма уақытылы орындалуы керек, – деді облыс әкімі.

Басқосуда Қызылорда қаласы және аудан әкімдеріне көмір қорын жеткілікті етіп жасақтау, үздіксіз және қауіпсіз газ отынымен қамтамасыз ету міндеттелді. «Қазак Газ Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалының директорына әр аудан орталығынан апаттық-диспетчерлік қызмет құру тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ӘРБІР ТАПСЫРМАНЫҢ СҰРАУЫ БАР



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданындағы «Бесарық» ауылына жұмыс сапарымен барып, бірқатар нысанды аралап көрді.

Еске салайық, аймақ басшысы бұған дейін осы ауылдағы кейбір нысандарды жөндеу, қалпына келтіру жөнінде тапсырма берген болатын. Атап айтсақ, дәрігерлік амбулатория маңдайшасындағы тақтайшаны ауыстыру, аумағын тазалау, спорт кешені алдына төселген сапасыз асфальтты, жарамсыз брусчатқаларды жөндеу, спорт зал еденіндегі арнайы төсенішті ауыстыруды жүктеген еді.

Бүгінгі жұмыс сапарында аймақ басшысы жасалған жұмыстарды саралап, тапсырмалардың толық орындалуының нақты мерзімін белгіледі.

«Бесарықта» «Абай-Дәулет» серіктестігінің бастамасымен фри зауыты, «Ауыл аманаты» жобасымен наубайхана, кондитерлік және жартылай дайын өнім цехтары, жұмыс қолғабы, шұлық, пластик ыдыстар, сабын, ағаш бұйымдары өндірістері өз жұмысын бастады. «Қызылорда» супермаркеті мен дәмхана да тұрғындарға жоғары сапалы қызмет көрсетуде.

«Абай-Дәулет» серіктестігі «Бесарық» ауылын көркейту-көгалдандыру, күрделі

жөндеу жұмыстарына соңғы жылдары 730 млн теңгеден астам қаржы бөлді. Шаруашылық есебінен ауыл әкімдігі, мектеп, балабақша, мешіт ғимараттары күрделі жөндеуден өткізілді. Биыл 642 млн теңгеге мәдениет үйіне күрделі жөндеу, орталық алаңға қайта жаңғырту жүргізіліп, жаңа өндіріс орталығы бой көтерді.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында да тұрғындарға қолдау көрсетілуде. Ауылдарда кепілдік мүлікке қатысты қиындықтар кезігетіні белгілі. Өткен жылы шаруашылықтың кепілдігімен «Сыр құсы» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, 27,6 млн теңге несиеге қол жеткізілді.

Биыл ауылда 1 мың шаршы метрлік шағын өндіріс орталығы салынып, 13 кәсіпкер өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды. Оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 4 жоба, Өңірлік инвестициялық орталық арқылы 5 жоба және шаруашылықтың өз қаражаты есебінен 4 жоба бар, 25 жаңа жұмыс орны ашылды. Осы жобаларға 960 млн теңге инвестиция тартылды.

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Аймақ басшысы еңбек адамдарын құрметтеу бұрыннан қалыптасқан дәстүрдің жалғасы екенін айтып, Болат Елеуұлына құттықтау лебізін жеткізді.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс» деген болатын.

Біз адал қызмет атқарған, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық.

Болат Елеуұлы ел экономикасының локомотиві саналатын мұнай-газ саласында 40 жылға жуық өнімді еңбек етіп, оның ішінде аймақтағы «Торғай Петролеум», «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компанияларында басшылық қызметте болып, Сыр өңіріндегі мұнай өндірісінің өркендеуіне өз үлесін қосты.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясымен бірге жобаларды іске асырып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жоғары деңгейге көтерді. Облыстың әлеуметтік-

1-бет



экономикалық дамуында өзіндік орны бар компания қайырымдылық шараларына да белсене қатысып, соңғы 5 жылда 800 млн теңгеге жуық қайырымдылық көмек көрсеткен.

Шетелдердің жоғары оқу орындарында білім алған аймақ түлектерінің

оқу ақысы стипендиялық бағдарлама аясында компания демеушілігі есебінен қаржыландырылды. Бағдарламамен 115 жас түлек жоғары білім алды.

Осындай игі істердің басында жүріп, аймақтың мұнай-газ саласын өркендетуге қосқан үлесіңіз жоғары бағаланып, бірқатар мемлекеттік наградалармен марапатталдыңыз. Мұның бәрі қажырлы еңбегіңіздің жемісі әрі жарқын көрінісі деп білеміз. Сізді Сыр жұртшылығының атынан құрметті зейнет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! – деді облыс әкімі.

Басқосуда Көшербаев Болат Елеуұлына Сыр өңірінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табыс-талды.

Іс-шарада мұнай саласының ардагерін «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Серікқали Брекешев, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов, Шиелі ауданының Құрметті азаматы Дәулет Барғанаев, Қарулы Күштер саласының ардагері, генерал-майор Әлімжан Ерніязов, сала ардагерлері Айтбай Көшербаев, Имамдин Оңғарбаев құттықтады.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

ЕРСҰЛТАН АПЕТОВ – ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯ БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы тағайындалды. Мәжіліске Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті төрағасының орынбасары Қазбек Ташимов арнайы қатысты.



Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті төрағасының бұйрығымен Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы лауазымына Апетов Ерсултан Амантайұлы тағайындалды. Облыс әкімі жаңа басшының жауапкершілігі зор қызметіне игі тілектестігін білдірді.

– Ерсултан Амантайұлы – өңірдің ауыл шаруашылығы, ветеринария саласымен етене таныс, мемлекеттік қызметте сатылап өскен білікті кадр, білімді маман. Жаңа қызметінде аймақтағы ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын болады.

Өріптесімізді құттықтап, алдағы жұмысына сәттілік тілейміз! – деді облыс әкімі.

Апетов Ерсултан Амантайұлы 1974 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген.

Қазак мемлекеттік аграрлық университетінде «Мал дәрігері» және «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтында «Экономика» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 1997 жылы Жаңақорған ауданы «Қожақент» шаруа қожалығында мал шаруашылығы маманы болып бастаған. 1998-2010 жылдары Қожақент аудандық округі әкімі аппаратының маманы, Жаңақорған аудандық мал дәрігерлік станциясының дәрігері болған. 2010-2015 жылдары Жаңақорған аудандық аумақтық ветеринариялық бақылау және қадағалау инспекциясының басшысы, 2015-2021 жылдары облыстық ветеринария басқармасының басшысы қызметтерін атқарған.

2021-2024 жылдары Шиелі ауданы әкімінің орынбасары қызметінде ауданның ауыл шаруашылығы саласының дамуында оң динамика қалыптастырып, тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуде нәтижелі еңбек етті. 2024 жылдың наурыз айынан осы кезге дейін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР АКТІЛЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Күші жойылды деп танылсын:

- 1) «Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жауа Қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы №473 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7763 болып тіркелген);
- 2) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы

21 қазандағы №473 «Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жауа қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 11 шілдедегі №119 шешімін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы **М.Т.ЛЕУМБЕТОВ**

«...ЕҢБЕК ӨТКЕН ЕР ЖОМАРТ»

ЖАҚСЫ СОРТ – ЖАҚСЫ ӨНІМ

Облыста егінді әртараптырау мәселесіне жете көңіл бөлініп отыр. Атап айтқанда, соя 111, кант құмайы 240, дән жүгері 1 мың, сүрлем жүгері 1,3 мың гектарға ұлғайтылды.

Сыр өңіріндегі ілкімді ісімен өзге түсіп жүрген «Таң ЛТД» ЖШС Шиелі ауданындағы «Таушұқыр» учаскесінде 5000 гектар жердің 800 гектарына тамшылатып суару әдісімен жүгері еккен. Жүгеріні кептіретін қондырғыға «Бестам» ауылдық округінен жер табысталған. Тиісті инфрақұрылым облыстық бюджет есебінен жүргізіледі. Нысан іске қосылған соң, тамшылатып суару әдісімен егілетін жүгері және басқа да дақылдарды 3000 гектарға ұлғайту жоспарлануда. Ол кезде 50 адам тұрақты жұмысқа қол жеткізіледі.

Серіктестіктің жанашыл жобасын арнайы барып көрген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев компанияның озық тәжірибесін басқа шаруашылықтарға енгізуді ұсынды.

1-бет



Ал облыста егілетін күршіттің басым бөлігін ресейлік сорттар құрайды.

Олардың қатарында негізінен «Лидер», «Янтарь» секілді сорттар бар. Биыл егіннің түсімі ойдағыдай. Ол былтырғы жылы 47,9 центнерден келген еді.

– Дақыл сортағына байланысты мәселені әрбір шаруашылық өзі шешеді. Қандай сорттар тиімді? Қайсы сорттан жақсы өнім алынып жүр? Соны сараптап отырып таңдайды.

Жергілікті дикандар «Лидер» және «Янтарь» сорттарын егіп келе жатқанына біраз жылдың жүзі болды. Өнімділік жаман емес. Кейінгі уақытта ресейлік «Каури» сорты сынақтан өткізілуде. Дикандардың айтуынша, оның да өнімділігі жоғары. Қазір украиндық «Маршал» секілді сорттарды егуге мән беріліп отыр. Әзірге ол жөнінде нақты шешім жоқ, тек тәжірибелік негізде ағылуде, – дейді басқарма басшысы.

Ал Ы.Жақаев атындағы Қазак күрші ғылыми-зерттеу институты тарапынан бұған дейін «Сыр сұлуы», «Айгерім», «Ару» сорттары шығарылды. Алайда олардың егілу көлемі жаппай сипат алған жоқ.

СЫР ӨНІМІНЕ СҰРАНЫС ЗОР

Кейінгі жылдары Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс артып отыр. Биыл 1 шілдедегі мәлімет бойынша 36,9 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортқа шығарылған. Оның ішінде күрші, балық өнімдері, қамыс, күрші қалдығы бар. Өткен

жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, экспорт көлемі 118,3 пайызға жетті. Оның жалпы бағасы 20 млн долларды құрайды.

Шетелге шығарылған өнімнің 93,7 пайызы күршіке тиесілі. Оған Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Тәжікстан, Украина, Моңғолия, Өзбекстан және Ирак мемлекеттерінен үлкен сұраныс бар. Бұл елдерге 34 мың тоннадан астам күрші экспортталды.

Талғат Дүйсебаевтың айтуынша, кейінгі жылдарда күрші бағасы дикандар үшін тиімді болып тұр. Нарықта 2-3 жыл көлемінде тұрақтылық байқалады.

Қысқасы, облыс дикандары биылғы «Алтын дән» мерекесіне лайықты нәтижемен келді. Дәстүрге сай аталып өтетін мерекелік іс-шаралар тек диканның ғана емес, төрт түлік өсірген шаруа мен осы саланың ыстық-суығына қондығып, бейнетін жан-тәнімен сезініп келетін барша еңбеккерлер үшін өте маңызды. Өйткені, еңбек адамы дәріптелуі тиіс

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// ҒАФУР МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Сірә, «Дүние – көшкен керуен» деген осы болса керек. Өмір өзен секілді өзінің арнасында тоқтаусыз ағып жатыр. Мұны данышпан Абай: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» деп, келесін керемет келтіріп айтып өткен. Ал жүз жасаған жампоз ақын Жамбыл бабамыз: «Ой-хой, дүние серуен! Адам бір – көшкен керуен, дүниені қызық қалдырып, асамайз өмір белінен» деп, осы ойды тағы бір қырынан толықтыра түскен. Осының бәрі бұл дүниенің шынында өткініші, көшпелі, жалған екенін айғақтап берді.

Алайда алдыңғы толқынның өршіл өкілдері мезіретті мерзімдерінде өмірден өтіп, бақиға аттанып кеткендерімен, олардың салған сара жолдары көкейден де, көзден де өшкен жоқ, өлшеусіз өнегелері, өміршең өсиеттері, іргелі істері, келелі кеңестері әрқаз жанымызды жадымызда тұр. Біз солай өзінің жаратылысынан жайсаң болып туған аяулы жандардың алақаны аясында, қамқорлығы саясында өсіп-жетілдік. Олар бізге еселі еңбек етуді үйретті, өмірді сүюді үйретті, адальдықа арна тартқызыды, әділдікке бағыт бұрғызды, табындылыққа баулыды, төзімділікке шындады, көкіректерімізге келешекке деген сенім отын ұялатты, ар жолында мәрт болып қалуды өсиеттеді.

Біз сол айбарды да айбынды асыл ағаларымыз ат арқасына отырып, ел мен халыққа шын беріліп, қалтқысыз қызмет етіп өткен кезеңінде өсіп-жетіліп, қатарға қосылдық, қоғамдық қызметке белсене араласып, адам есебінде кемелге келіп, азамат болып қалыптастық. Одан беріде, республикамыздың егемен ел атанып, тәуелсіздігінің туын жезбірте бастаған жылдарында сол қызметімізді жалғастырдық. Сөйтін, екі дүниені, екі әлемнің тұтқасын ұстап, тіршілігіне үлес қосып үлгердік. Әлбетте, тәуелсіздіктен асқан тұрғы жоқ, бостандықтан биік мақсат жоқ, егемендіктен ерен бақыт жоқ. Заманында «мың өліп, мың тірілген» қазақтың ұрпақтарында біз мұны азаттық аясындағы жылдардың жонында алқым сезініп, көз жеткізіп келеміз.

Дегенмен, бүгінде ерінбегеннің бәрі жабыла жамандап, жаппай іске алғасыз етіп жүрген советтік дәуірдің де өзіне тән жақсы нұшандары мен артық әрекеттері болды. Соның бірі – коммунистік партия билеген мемлекетке еңбек адамдарын ынталандыру мен құрмет көрсету нағыз үлдік салт-дәстүрге айналды, осының қабытында ел билейтін басшылар даярлаудың үлкен мектебі қалыптасты, кадрларды шыңдап шығаруға айрықша маңызды мән берілді. Сол мақсатта әріректе «отызмыңдықтар» тобы, беріде «қызыл директорлар» легі пайда болғандары тарихтан белгілі. Партия ауыл шаруашылығы өндірісіне түш өріс беріп, өркендете түсу жолында осылайша ірі зауыт-фабрикаларда жұмыс істеп жүрген қаңдаулы мамандарды колхоздар мен совхоздарға шұғыл аттан-

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АҒА

Халқымызда ежелден бері айтылып келе жатқан «Бұрынғының соңы едік, кейінгінің басы болдық» деген астарлы сөз бар. Бұл «баяғыда алдымызда аталарымыз, әкелеріміз, ағаларымыз барда олардың соңдарына ерген жеткіншек едік, қазір сол кісілер секілді көштің басы болатын жасқа жеттік» дегенді меңзейді.

дырып жатты. Сонымен бірге, сол ауылдық аудандарда ел басқарудың ілкі әдістері мен тәсілдерін жетік меңгеріп келе жатқан кадрларды қызметтік саты бойымен біртіндеп, іргелеп өсіріп отырудың үлгілі үрдісі негіз қалады.

Сондықтан болар, сол заманда, кеңес кезеңінде аттары айтарлықтай аңызға айналған, елдің көңілінен шыққан іргелі істері жұрт аузында жыр болып төгіліп жүрген өндіріс жетекшілері, шаруашылық басшылары, аудандық партия комитетінің хатшылары аз болған жоқ. Топтан озып шыққан ондай толымды тұлғалар республикамыз әрбір дерлік облысында, аймақтарында ұшырасушы еді.

Біз бала-шағамызда, жас күнімізде, сонау 60-шы жылдардың ортасы шамасында, мысалы, Шиели ауданында үш бірдей қайраткердің – сол кездері ауданға басшылық жасаған, кейін облысты басқаратын, сонынан республика басшысының деңгейіне дейін көтерілетін, сол уақыттары Социалистік Еңбек Ері атанатын Исатай Әбдіқаримовтің, аудандық атқару комитетінің төрағасы болған Қонысбек Қазантаевтің, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, партия комитетінің бірінші хатшысы болып тізгін ұстайтын Ғафур Мұхамеджановтың аттары тап солай дүркіреп тұрды.

Сол жылдары Шиелиден тысқарыдағы елді мекендердің тұрғындарына да, Сырдария деген ауданға қарасты ауылда тұратын біздің жұртқа да олардың даңқтары дүркіреп жетіп жатты. Сол кезден аңғарып-білгеніміз: бір-бірімен құрдас дерлік үш ағамыздың үшеуі де ел басқарудың, шаруашылық жүргізудің, маман даярлаудың нағыз ұлағатты ұстаханасы болған екен. Үлкен қоғамдық қызметке Ұлы Отан соғысына қатысып келген майдагер ретінде қосылған үш ағамыздың бір-біріне ұқсайтын, бір-бірінен айнымайтын және өздерінен басқа ешкімге ұқсай қоймайтын қасиеттері де мол еді. Бұлардың үшеуі де сол заманда Шиели ауданының бұрынғы қалпынан да даңқы аса беруі жолында зор еңбек сіңірді,

өздерін білікті басшы ретінде танытуларына мүмкіндік берген жылдың өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Әйткенмен, ежелгі грек ойшылы Сократтың «Платон – менің досым, бірақ шындық қымбат» дейтіні сияқты, атап өтілген үш ағамыздың арасында Шиели ауданының өркендеуіне көбірек еңбек сіңірген Ғафур болды. Тегінде, бұған оның ауданда басшы қызметте ұзағырақ отырғаны да бір себеп болған шығар.

Орыс тілінде «уникальность» деген сөз бар. Оның казакша мағынасы көп ретте «өзгешілік», «ерекшелік» деп алынып жүр. Бірақ кей реттерде осы ұғымдардың өз қолданылып отырған лексеманың толық ауқымдағы мазмұны мен сипатын бере алмай жатады. Мұның біздің біздіңгі кейіпкеріміз – Ғафур ағаға орай қозғайтын келесі тұжырыммызға толық қатысы бар. Оның мансап сатысы бойымен өсу жолдарының ешкімге ұқсамайтын және қайталанбас ерекшелігін біз тек сол ұғым ұясында ғана бере аламыз. Күллі Қазақстанда Ғафурекеннен басқа, аудандық партия комитетіндегі әу бастағы бірінші қызметші қабылдау бөлмесіндегі хатшылықтан бастап, кейін сол ауданды басқаратын бірінші хатшы деңгейіне дейін өсіп көтерілген бірде-бір мемлекет қайраткері болмаған екен. Бұған ауданға келген бір сапары барысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев та қатты танғалғанын білдіріп, бұған бір ауыз сөзбен «уникальность» деген баға берген екен.

Сондықтан ендігі сөздің оянында Ғафур (Ғафуржан) Мұхамеджановтың өмірбаянына да аз-кем тоқталып өткен жөн шығар. Ол 1924 жылы қазіргі Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы «Өзгент» ауылы жерінде өмірге келгенімен, қызмет қауымындағы бүткіл саналы жұмырының басым бөлігін Шиели ауданында өткізді. Олай болатыны: әкесі Мұхамеджан 30-шы жылдардың ортасында Шиели ауданына көшіп келіп, сол заманда Шиели ауданының бұрынғы қалпынан да даңқы аса беруі жолында зор еңбек сіңірді,

осында бастауыш мектептің мұғалімі болып қызмет етіп, 1942 жылдың соңында осы жерден әскер қатарына алынады. Өуелі Ақмола түбінде саперлік іс бойынша әскери дайындықтан өткен ағамыз 1943 жылдың 24 наурызында Ленинград майданына түседі. Ол 1944 жылы шілде айында ауыр жаракат алып, соғысты аяқтайды.

Майданнан I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», III дәрежелі Даңқ ордендері мен бірнеше медальді иегері болып елге оралған Ғафурекен бір жылдай емделіп, 1945 жылдың көктемінде қоғамдық еңбекке қайта араласды. Ол бастапқыда Шиели аудандық партия комитетінің қабылдау бөлмесінде қызмет етсе, кейінірек аудандық кеңес атқару комитетінің аппаратына ауысты. Ал 1947-1949 жылдары аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1959-1964 жылдары аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, төрағасы болса, 1964-1970 жылдары Шиели аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде үлкен абырой мен даңққа бөленді. Иә, Шиели ауданы Ғафурекеннің өмір жолдарында ерекше орын алды. Ол мұнда киелі өңірдің тасқа жазылғандай тарихында өзінің өшпес ізін қалдырды.

Осы жылдардың бәрінде Ғафур Мұхамеджановты өзіне тапсырылған іске деген орасан зор жауапкершілік, біліктілік пен іскерлік, бағылдық пен шешімталдық ерекшелік тұрды. Ол айрықша айбынды тәртіптің адамы болатын. Ол бұл жағынан келгенде, Шиели ауданында қызметтес болған құрдасы Қонысбек Қазантаевпен барынша үндес еді. Мұны жалпы халыққа азамат емес, қазақтың асыл азаматтарының, даңқты ел билеушілерінің бірі – Дінмұхамед Қонаев та аңғармай қалған жоқ. Дінмұхамед Ахметұлының әлгінде айтылғандай, ауданға арнайы ат басын бұрған сапары кезінде бірінші хатшының дастарқан басында отырып: «Ғафурекен, сіз жұмысты таза, әділ, бағыл жасайды екенсіз» деген бір ауыз бағасын сол жерде естігендер заматында елге таратып жібереді. Мыне, осы бір

сөйлемнің сұлбасында ағамыздың бүкіл болмыс-бітімі, кескін-келбеті, портреттік бейнесі табиғи қалпында тұр. Расында қолы да, жаны да саф таза болған Ғафур Мұхамеджанов осы кезеңде де, бұдан кейін де елге барынша адал қызмет етті.

Аты аңызға айналған ағамызбен кезінде етене араласқан және жақсы білетін кісілер оның өмір сахнасындағы басты қаруы қылыштың жүзінде, мідің оғындай, нысанасына әрдайым дәп тиетін өткір де өжет, күдіретті де тура сөздері болғанын айтып отырады. Ол жүрген жерлерінде тәртіптің, реттіліктің, адалдықтың, адамгершіліктің сақшысындай болды, сонымен бірге әрқаз жұрттың сөздерін ықпалса қоя тыңдап, олармен пікірлесіп, ой бөлісіп, ақылдасып тұрған. Халықты біліктілігімен, кеменгерлігімен, іскерлігімен, сезімталдығымен, турашылығымен, мәдениеттілігімен, айбаттымен, айбарымен, мейіріммен сонына ерте білген Ғафурекен қандай жағдайда да сол жұрттың жоғын жоқтап, мұның мұндайтын аптал азамат, байырқалы басшы болды.

Ғафур Мұхамеджановтың тұсында бұған дейін де отыздан астам дикан Социалистік Еңбек Ері атанып үлгерген Шиели ауданында егіншілік мәдениеті жана бір белеске көтерілді. Осы жылдары даңқты дикан, «дала академигі» Ыбырай Жакаевтың сонына ерген егінші ұлдарға қолдау көрсету мақсатында «жашылар қозғалысы» басталды. Бастапқыда ауданнан арна тартқан шараға кейін облыстық комсомол комитеті екіні қосып, оны аймақтық ірі қозғалысқа айналдырып жіберді. Осының нәтижесінде тек Шиели ауданында ғана емес, сонымен қатар жұрт өкілдері Ғафурекен Шиелиден Жаңақорған ауданына қызмет ауыстырып бара жатқанда, оны қимай шығарып салғанын белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейітбек Шауаханов ағамыз кезінде төгілдіріп жазып еді. Мұның бәрі, әлбетте, жақсыда жаттық болмайтынын көрсетеді.

Қазақта «Азаматтың қосы оңбай, ісі оңбайды» деген де сөз бар. «Еркек үйдің – ересі, әйел үйдің – шегесі» дегенді де

табанын жаппай жайлай бастаған ыза судың ындынынан күт-қарып, алып шығу болды. Бірінші хатшы осы орайда елді мекеннің жақын қалған жерасты суларын тарту шараларына қол жеткізіп, олардың ұйғарымына сай, аудан орталығының дәл іргесінен ағып өтетін «Шиели» каналын жаңа арнаға ауыстыру жұмыстары жедел қолға алынды. Сөйтіп, біршама жылдардан кейін кенттің асты судан құрғатылды. Егер осы шара шұғыл қолға алынбағанда, кенттің бұл аумақты мекендеп қала беретіні екіталай еді.

Өзіміз кейін осы ауданға келіп қызмет істегенде, Ғафурекеннің тікелей басшылығы негізінде жүргізілген бұл жұмыстардың келешегі зор болғанына көзіміз жете түсті. Әйтпесе, аудан орталығындағы қазіргі стадион тұрған аумақ, автостанцияның төменгі маңайы, Жакаев ауылына қарай шығатын жол атырабы, аудандық әкімдік пен теміржол мекемелеріне қатысты бірқатар ғимараттардың арасы көлкіген келдіні алабы болған екен. Қазір солардың бәрі бұрын ештеңе көрмегендей күн кешіп, қырық мыңға жуық халықтың тұрақты қонысы болып отыр.

Ғафур Мұхамеджанов 1970-1975 жылдары Жаңақорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Ал 1975-1979 жылдары облыстық партия комитеті әкімшілік, сауда-қаржы және жоспарлау бөлімінің меңгерушісі, 1979-1985 жылдары облыстық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары болды. 1986 жылдың қаңтар айында Одақтық дәрежедегі зейнеткерлікке шықты.

Біз Ғафур ағамен ол облыстық атқару комитеті төрағасы болып қызмет еткен жылдарда жақын араласа бастадық. Сол кезде оның темірдей тәртіптің кісісі екеніне көзіміз анық жетті. Ол жайында соған дейін бала жасамыздан естіген «Ғафур Мұхамеджанов бозор мәжілісін жүргізіп жатқан кезде, залда шыбынның ызыңы ғана естілетіндей тыныштық орнайды» деген сөздің шын уәж екенін пайымдай түстік. Негізі, қатаң тәртіп бар жерде жұмыс та өзінің тиісті арнасымен жыл-жыл жүріп жатады ғой. Ғафур ағамыздың сондай кескін мен қағидат ұстанғанына қарапайым халық та қатты риза болғанға ұқсайды. Сол замандары отыздан астам ұлттың өкілдері қоныс еткен, соның ішінде жергілікті қазақтардан бөлек, орыс, украин, неміс, корей, шешен, грек, түрік нәсілдерінің едәуір үлес-салмағы болған Шиели жерінде олардың бәрін түгел ұштасып тұрып ұстап отырудың өзі оңай болмағаны хақ. Ал сол кайманда жұрт өкілдері Ғафурекен Шиелиден Жаңақорған ауданына қызмет ауыстырып бара жатқанда, оны қимай шығарып салғанын белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Сейітбек Шауаханов ағамыз кезінде төгілдіріп жазып еді. Мұның бәрі, әлбетте, жақсыда жаттық болмайтынын көрсетеді.

Қазақта «Азаматтың қосы оңбай, ісі оңбайды» деген де сөз бар. «Еркек үйдің – ересі, әйел үйдің – шегесі» дегенді де

халқымыз тауып айтқан. Осы тұрғыдан келгенде, Ғафур ағамыз өзіне өмірлік серік таңдауда жанылыс қадам жасамаған бақытты адам болды. Бұл шаңыраққа күт болып кіріп, бақ болып қонған Әйбибі Сейдахметқызы апамыз әулеттің дәулетіне береке кіргізді. Адал жар, аяулы келін ретінде отбасының ырысы мен ынтымағын арттырған ол жан жолдасының қызметте де абыройлы болып, лауазым сатысымен өрлей түсуіне өлшеусіз үлес қосты. Кезінде аудандық комсомол ұйымын басқарған, мектеп директоры болған Әйбибі апамыз осы жылдардың бәрінде ағамыздың тірегі, демеушісі, бапкері, ақыл қосары, ашу басары, қуат беруші музасы, терезесі тең әріптесі бола білді. Екеуі Мағрипа, Сәбира, Әлия есімді үш қыз, Алмас, Бектас, Нұртас атты үш ұлды заманына сай өнегелі ұрпақ етіп, тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі өмірден өз орындарын тауып, қоғамның белді мүшелері атанды. Енді абыз аталары салып кеткен даңқты жолды бүгінде немерелері жалғастырып келеді.

Айтулы азамат, ардақты ақсақал Ғафур Мұхамеджанұлы 2007 жылы 3 наурызда өмірден озды. Жары – Әйбибі Сейдахметқызы 2011 жылы 1 қаңтарда дүние салды. Бүгінде екі жақсының есімдері елдің жадында жақсы аттарымен қалып, Жаңақорған мен Шиели аудандарының әр буын ұрпақтары үшін мақтан тұтар тұлғаларға айналды. Соның тағы бір айғағы, осы кісілердей болсын деген ниетпен Ғафур және Әйбибі атанған балалар екі ауданда да кезінде аз болған жоқ.

Ұзақ жылғы жемісті еңбегінің лайықты бағаланышы шығар, қазіргі таңда Шиелидегі №270 қазақ орта мектебі Ғафур Мұхамеджановтың есімімен аталып отырса, Жаңақорған ауданы мен Қызылорда қаласының бір-бір көшесіне асыл ағаның аты берілді.

Сөз соңында арнайы тоқталып айтып кетуге тиісті бір мәселе: соңғы жылдары Нұрлыбек Нәлібаев бастаған облыс басшылығы кезінде елдің құндылікті тіршілігі мен келешегі үшін орасан зор еңбек сіңірген байырғы қайраткерлердің рухтарын тірілікті, тағзым білдіру жайына айрықша мән беріп жүр. Осының алдында менің сөз басымда айтып өткен ағаларым – Исатай Әбдіқаримовтің, Қонысбек Қазантаевтың, сондай-ақ Тоқей Есетовтің 100 жылдықтына байланысты өткізілген іс-шаралар соның нақты айғағы бола алады. Сол үшін мен өзімнің және өзім құралыпаста үлкен кісілердің аттарынан облыс басшылығына, ықыласымызды жеткізіміз келеді.

Енді көзі тірісінде аты аңызға айналған сондай айтулы асақалымыздың бірі – Ғафур Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай кең ауқымда ұйымдастырылып жатқан іс-шараларға сәттілік тілейміз.

**Ибрагим ӘБИДУЛЛАЕВ,
Қызылорда облысының
Құрметті азаматы**

/// ҚҰРЫЛЫС

ҚАЛА БАЗАРЛАРЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТУДЕ

Бүгінде кәсіпкерлікке ден қойғандардың қатары артуда. Бірі мемлекет берген мүмкіндікті тиімді пайдаланып тың идеясымен жаңа кәсіп бастаса, енді бірі дөңгелентіп отырған кәсібін одан әрі ұлғайтуда.

Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгеновтің айтуынша, жыл басынан қалада 34 643 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 32491-і жұмыс жасап тұр. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 56 жобаға 612,8 млн теңге көзделген. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы қалаға қарасты кент және ауылдық округтерден 130,3 млн теңгені құрайтын 24 жобаны қаржыландырып. Микроқаржы ұйымы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамытуға бағытталған жобаларға да қолдау білдіреді. Соның нәтижесінде 18 жоба қолдау тауып, оның 7-не қаражат берілген. Күн сайын көркейіп келетін

шаһарда 2693 сауда орны бар 11 базар жұмыс жасайды. Оның ішінде «Жана базар», «Сұлтан», «Сыбаға», «Қанат», «Талғат» секілді әмбебап және «Сәулет», «Гүлдан», «Ақтөре», «Сығанақ», «Бұлан» мамандандырылған сауда базары бар. Расын айту керек, шаһардың қақ ортасындағы базарлардың қазіргі жайы талапқа сай емес. Жолдың тарлығы мен көліктердің көптігінен кептеліс көбейіп, адамдардың жүріп-тұруына біраз кедергі еді. Енді бұл олқылықтарды түзету де қолға алынып, бір ізге түспек. ҚР Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 30 наурыздағы «Сауда базарларын жаңғырту жол картасына» сәйкес базарларды жаңғыртып, заманауи сауда



форматына көшіру жұмыстары қаламызда да жүргізілуде. Ол 2025 жылдың желтоқсан айына дейін жоспарланған. Демек, сатушыға да, тұтынушыға да

қолайлы жағдай жасалып, сауда мәдениеті жақсарып, өңірдің экономикасына ықпал етеді деген сөз. Жаңғырту жұмыстары ая-

сында «Қанат» базары толық модернизациядан өткен. «Ас-бол» сауда базары екінші деңгейлі банкке несиелендіруге құжаттарын өткізген, егер ма-

құлданған жағдайда құрылыс жұмысын бастауға әзір. «Сыбаға» базарын жаңғыртуға жұмыс жобасы әзірленіп, эскиздік жобасы бекітілді. «Сұлтан-2» сауда базары осы жылдың сәуір айынан бастап құрылыс-монтаж жұмыстарына қарқын алып, мердігер «СК Монтаж Строй» ЖШС-мен келісім-шартқа отырды. Құрылыс жұмыстары жалғасуда. Жеріңдетілген несие алуға екінші деңгейлі банктерге («Банк Центр Кредит» АҚ, «Береке банк» АҚ, «Қазақстан Халық банк» АҚ) құжат тапсырылып, банк жауап беріп отыр. «Талғат» базарының тиісті құжаттары әзірленіп, архитектуралық жобалық тапсырмасы және эскиздік жобасы дайындалу үстінде. Базар басшылығы құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін қаражат көздерін қарастыруда. Төрт сауда базарын жаңғырту жұмыстарына 9,6 млрд теңге қаражат қажет.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»**

МАМАНДЫҒЫМЕН МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Үстаз туралы сөз қозғағанда, көңілімізді бір ерекше сезім билейтіні рас. Оның себебі, адам баласының қай-қайсысы да қолына алғаш қалам ұстатып, оқып-білуге үйреткен, өмірдің сыр-сипатын танытқан ұстаз еңбегінің өлшеусіз екендігі болса керек. Өңірдің білім беру саласында да қырық жылдай қызмет атқарып, ғұмырының сәулелі сәттерін ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз Рысқұл Жорабекова бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған бақытта ана.



Ол 1954 жылы Жаңақорған ауданы, «Екпінді» ауылында, көпбалалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Құран ұстаған кісі болған. Ауыл мектебінен орта білім алған соң, 1971 жылы Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, 1975 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады. Алдына биік мақсат қойған арманшыл жас институтта жоғары стипендиямен оқып, сүйікті мамандығын терең меңгеруге бар күшін салды.

Жас маман еңбек жолын 1975 жылы I қыркүйекте Жаңақорған ауданы Сунақ ата совхозы №166 орта мектептен бастап, 1976 жылы Қармақшы ауданы №183 орта мектепте жалғастырды. Ал 1978 жылдан бастап «Жосалы» совхозы, қазіргі Төрбай би ауылындағы №199 орта мектебінде табан аудармай 37 жыл мұғалімдік қызмет етті.

Мектеп директоры Тұрсынқұл Әбдиева мінезі қатал, талапшыл адам болды. Бірақ басының сол талапшылдығының арқасында жұмыстың да нәтижесі жоғары болатын, – дейді Рысқұл апай.

Бастапқы теориялық білімі жоғары, оқытудың әдіс-тәсілдерін толық меңгерген, сабақтары сапалы әрі жан-жақтылығымен ерекшеленетін I санатты ұстаз Рысқұл Жорабекова сол уақыттың талабына сай жоғары жауапкершілікпен қызмет етті. Оның тынымсыз ізденіспен жинақтаған тәжірибесі өзінен кейінгі жас мұғалімдерге үлгі болатын. Осы уақыт аралығында ұстаздың өз мамандығына деген адалдығы, биік жауапкершілігі әріптестері тарапынан лайықты бағаланды.

Күнделікті сабақ жоспарын шығармашылықпен ұстазғары білген ұстаз шәкірттерінің пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, әрі қарай өз ынтықпен ізденіп, оқып-білуіне мән берді. Сондықтан оқушылары жыл сайын жалпы білім беретін пәндік олимпиадалардан жүлделі орындар иеленетін. Сонымен қатар, сабақ берген оқушылары ҰБТ сынағында жоғары нәтиже көрсетіп, ұстаз еңбегін ақтай білді.

Бүгінде Рысқұл апайдың шәкірттері еліміздің әртүрлі ерлерінде, бірқатары шетелге қоныс аударып, қызмет етіп жатыр. Үстаз еңбегінің жемісі болар, олар қай елде жүрсе де ана тілін айрықша құрметтейді. Туған жерге табыны тисе, міндетті түрде сүйікті мұғаліміне келіп, сәлем береді. Сондай шәкірттерінің бірі – Қайрат Смагов Москвада оқып, жоғары білім алған. Қазір Австралия мемлекетінің Сидней қаласында тұрып жатыр. Автомобиль құрылысының білікті маманы. Өзге де шәкірттері өнер, білім, ғылым жолында өз бағытын тауып, қоғамға, елге қалтқысыз қызмет етіп жүр.

Тағдыр табыстырған жолдасы Тынштық Жұмабаев та білім саласында еңбек етті. Өндіріс бригадасын басқарды. Ол уақытта ауылдың егін-терім жұмысына оқушылар да көмек беретін. Ерлі-зайыпты мұғалімдер

ертелі-кеш жұмыста болатын. Түске дейін мектепте сабақ берсе, түстен кейін қырман басында болып, ауылдың қарбалас тірлігіне қолғабыс ететін.

– Өзім ұстаз болғандықтан, осы күні немерелерімнің сабағын қадағалап отырамын. Сонда байқағаным, қазіргі оқу бағдарламасы өте күрделі. Жыл сайын жаңа өзгерістер енгізіліп отырады. Ұрпақ тәрбиелеудегі көпжылдық тәжірибем сүйенсем, білім беру ісінде тұрақты жүйе қалыптасуы қажет. Әсіресе, оқулықтарды әзірлеуге терең мән беруге тиіспіз. Осы орайда А.Байтұрсынұлы, Ы.Алтынсарин негізін қалаған білім беру әдісі дұрыс еді деп ойлаймын. Онда білім берумен қатар, қарапайым адамгершілік қандалары, ұлттық тәрбиенің ізі бар болатын.

Екінші жағы, қазір педагог мәртебесі заман бекітілген. Мұғалімдердің еңбекақылары еселеп өсті. Сағат көлемі ықшамдалған. Мектептер заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Кез келген ақпарат қолжетімді. Бұрын демалыс бір-ақ күн болса, қазір екі күн демалады.

Ақпараттардан қарап отырамыз, Президент тапсырмасымен, облыста бірнеше «Жайлы мектеп» салынып жатыр. Оған қоса, «Физика-математика мектеп-интернаты», «Оқушылар үйі», Руханият орталықтары, тағы басқа да білім мен тәрбие беретін орталықтар салынууда. Осы орайда мұғалімдер мемлекеттің қолдауын сезініп, еңбектерін адал атқарса, ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, келешектің мықты мамандарын қалыптастырса дейміз. Біз – ардагерлер, әріптестерімізге әрдайым тілекшіміз, – дейді Рысқұл апай.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі қоғамда бала тәрбиесі басты тақырып болып отыр. Ардагер ұстаздың айтуынша, оның себебі, ең әуелі, ата-ана жауапкершілігінің төмендігі. Содан соң қазір әр баланың қолында жүрген ұялы телефонның да пайдасы мен зияны бірдей. Толассыз ақпарат ағыны, оның ішінде баланың, жасөспірімнің сана денгейіне сай келмейтін келеңсіздіктер көп. Бұл ретте баланың бос уақытын тиімді пайдалануына ата-ана да, мұғалім де барынша көңіл бөлуі қажет.

Жұмабаевтар әулеті мұғалімдер династиясы десек болады. Шаньрақ несі Тынштық ағамыз осы салада ұзақ жыл еңбек етіп, өмірден өтті. Ал қазір Рысқұл апайдың ұлы мен келіні, екі қызы мұғалім. Олар да қоғам алдындағы өз міндеттерін абыроймен атқарып келеді. Кенже ұлы Болат – журналистік жолды тандаған, қазір қала әкімінің баспасөз хатшысы.

Ардагер-ұстаз Рысқұл Жорабекова зейнет демалысына ықса да қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Білім беру ұйымының қамқоршылық қенесінің мүшесі. Ауылдық-аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы жұмыстарын атқарып жүр.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ТІРЕК МЕКТЕПТЕРІ ЖӘНЕ ТЫҢ БАСТАМАЛАР

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деген дана Абайдың сөзі қай заманда да өміршеңдігін жоймайды. Себебі заман талабы сондай, біліммен ғана бәсекеге түсіп, біліммен ғана алға оза шабуға болады. Балаларымызды білім нәрімен сусындататын мұғалімдер мен білім ордаларына бүгінде Үкіметтен қолдау көп.

Тарыдай болып келген бала таудай болып сол мектептен он бір жыл білім алып шығады. Әрі қарай оның кемел тұлға болып қалыптасуына, алға қойған мақсатына жетуіне сол мектепте берілген білімнің ықпалы зор. Қызылорда қаласындағы іргелі білім ошақтарының бірі Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы ой бөліскім келеді.

Білім ордасы 2010 жылы пайдалануға берілгеннен бастап мектепке елге танымал ұстаздар басшылық жасады. Бүгінде ұжымды мектеп өміріне тын жанылар енгізумен дараланып жүрген Бек Сұлтанбекұлы басқарады. Басшылыққа келгені аз ғана уақыт болса да мектеп өмірінде елеулі жаңалықтар орын алуда, яғни ілгерілеушілік бар.

Бұл мектептің бір ерекшелігі, оған қаламыздың шет аймағында орналасқан саяжай мен елді мекендерден көптеген оқушы қатынап оқиды. Әрине, бала қауіпсіздігі қашанда басты назарда.

Мектеп директорының бастама-сымен бала бағандары жыл сайын түрлі конкурстарға қатысып келеді. Нәтижесінде білім ошағы «Мектептің автобуспен жабықтату» жобасын жеңіп алды. Осы жобаның демеушісі Жапон елінің «Шөп тамыры» бағдарламасы негізінде білім ошағына

жаңа автобус сыйлады. Сонымен қатар, өткен жылы физика-астрономия бағытындағы мектеп статусын иеленіп, облыстың жеті ауданынан мектеп-лицейге қарасты тірек мектептер ашылды.

Бұл – осы аудандардағы физика пәні мұғалімдерінің білімі мен біліктілігін жетілдіру, теория жүзінде ғана емес, практикалық негізде зерттеу жұмыстарын жасауға бағыт-бағдар беру деген сөз.

– Биыл осы тірек мектептерге байланысты арнайы іс-шара жоспары жасалды. Осы қазан айында барлық ауданнан физика пәнінің мұғалімдерін шақыртып, мектебіміздің ұстаздары өз тәжірибелерін бөліспекші. Ашық сабақтар көрсетіліп, соңында қатысушыларға арнайы жоспар таныстырылады. Соның негізінде алдағы 9 айда жеті ауданда осындай деңгейде шаралар өтеді. Бұл бағыттағы мақсатымыз – біздің мектеп арқылы аудандардағы білім ұяларында физика мен астрономияны тереңдетіп оқытуды жолға қою, – дейді Б.Сұлтанбекұлы.

Балаларды білімді, тәрбиелі етіп өсіруге ата-ана, мектеп ұжымы және жұртшылық болып жұмыла кіріскенде ғана нәтижелі болатыны белгілі. Қазіргі уақытта ата-аналар



жиналысына көп жағдайда шәкірттің анасы келеді. Байыптап қарасақ, бұл да – ойлануға тұрарлық мәселе.

– Отбасы құндылықтарын насихаттау, әкенің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында бізде «Әкелер мектебі» мүшелерімен кездесу ұйымдастырылып тұрады. Сонда біз әкенің шаңырақтағы орны ерекше екенін, ер баланың тәрбиесінде әкенің рөлі зор екендігіне басымдық береміз. Олармен тек кездесіп ғана қоймай, қарым-қатынасын нығайта-

тын түрлі сайыстар мен ойындар да ұйымдастырамыз, – дейді мектеп директоры.

«Жаксылық еккен алғыс орады» деген нақылды да қазақ айтқан. Қаншама ұстаз мыңдаған оқушы тәрбиелеп, тың бастамаларға ұйытқы болып келетін білім ошағында жақсы жаңалықтар орнай береді деп сенеміз.

Сандуғаш РАМБЕРДІ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

/// КЕШ

Ақын Тұрсынқұл Құрманбекова туған жері Жаңақорған ауданы М.Нәлібаев ауылындағы клубта алғаш рет шығармашылық кешін өткізді.



ӨЛЕҢГЕ ӨРНЕК САЛҒАН

Ол орта мектепті бітірген соң аудандық «Коммунизм жолы» газетінің баспаханасында жұмыс істеген. Отбасында ері Жақсынбек екеуі бес перзентті өмірге әкеліп, тәрбиеледі. 1996 жылдан бері Алматы қаласында тұрады.

Тыңдарманның жүрегін тербеген өлең өрнектері Тұрсынқұл ақынның жүрегін жарып шыққан жыр әлемінің көрінісі екені даусыз. «Өлеңім – өмірімнің өрнегі» атты шығармашылық кеште ауыл әкімі Бақдәулет Сердалиев, ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бақберген Бөлеков, ардагер ұстаз Серікбай Сұлтанов сөз алып, ізгі тілек арнады. Шығармашылық кештің несіне аудан әкімі Мажит Самитұлының Құттықтау хаты мен сый-сыяпаты табысталды.

Рухани шарادا Тараз қаласынан арнайы келген қадірменді әріптестері қатарында Нақсұлу Шегейбайқызы, Жібек Ысқақова арнау өлеңдерін оқыды. Кентау қаласынан келген Жұпарқұл Бекшоарева ақын сөзіне жазылған бірнеше әнді орындады.

Ағайындары атынан Әлімхан Құрманбеков, Ергали Оразбеков, сондай-ақ, ауылдың ақ жаулықты аналары, әулет үлкендері, Жаманбай ауылдық округі әйелдер кеңесінің төрайымы Рысжан Төлепбергеноваға ақ тілек жаудырды.

Оқушылар өлеңдерді жатқа оқыды. Солардың қатарында Ергешбай Қарақат, Түгендік Шұғыла, Әлмахан Әбдірахман, Дүйсенбек Мұхамеджан көптің ықыласына бөленді.

Жергілікті өнерпаз Көкен Өскенбай «Сөзімді арқау етіп жаздым өлең» жырын термеге қосты. Бүгінгі кеште оқылған өлеңдердің көбі Тұрсынқұл Құрманбекованың жанадан жарық көрген «Желден ескен жылы леп» атты кітапқа топтастырылған.

Осы кеште туындының тұсауын кесу құрметі Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы, ақын-журналист Файзулла Пазылбекұлына және Нақсұлу Шегейбайқызына ұсынылды. Кеш соңында Тұрсынқұл Құрманбекованың сөзіне жазылған Жұпарқұл Бекшоареваның «Судуымды сағындым», «Айымсың, сен айымсың» атты әндері орындалды.

Жанға шуақ, санаға сәуле құяр жырлары мен шынайы болмысына тәнті еткен ақын аның «Өлеңім – серігімісін» әнін жыршы-термеші Мұхтар Дәрібаев орындағанда халықтың құрмет-қошеметі ерекше болды. Ауылдың жас ақыны Бекарыс Бексаба ақынға арнауын оқып берді.

Өлеңнің қадір-қасиетін түсінетін жандар барда Тұрсынқұл апа секілді ақынның орны төрде. Жас ұрпақ бұл туындылардан Отанға деген шынайы сезімі, туған жерге деген сағыныш сырларын ұғып, отты жырларынан қуат алады. Жасын жырдың қызуын ұрпақ жанына жақын тұтса ғана өміршен болады.

Мақпал МАРҚАБАЙ,
журналист

РУХАНИ ҚУАТ БАСТАУЫ – КІТАП

Кітап оқу – адам жанын байытып қана қоймай, оның өмірлік мақсатына серік болатын, серпін беретін рухани бастау. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз» деп кітап оқудың ұлттық маңызын айтқан еді. Осы құнды бастамаға өз үлесін қосып жүрген азаматтар да баршылық.

Қызылорда қаласындағы №7 мектеп-лицейде «Жанында жүр жаксы адам» атты кездесу кеші болып өтті. Кештің мақсаты – балаларды кітап оқуға дағдыландыру, кітап қасиетіне бойлау.

Кездесу кешіне Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Кәсіпкер және мәдениет» журналы мен «Кәсіпкер келбеті» газетінің құрылтайшысы, қаламгер Жүзбай Таңрықбаев, ҚР Білім беру ісінң үздігі Оразбай Қосанов, еңбек ардагері Есентай Қозыбаев, «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Дүйсенбек Аяшұлы қатысты.

Мектеп оқушылары Ж.Таңрықбаевтың «Сұлушаш», «Өмірдің өз шындығы» кітаптарына шолу жасап, буктрейлер ұйымдастырды. Өнерлі балалар ән айтып, би биледі. Кеш қонақтарына түрлі сұрақтар қойып, тұшымды жауап алды. Ж.Таңрықбаев мектеп қабырғасынан түлеп ұшқалы тұрған жастарға кітаптің өмір түйінін шеше білетін рухани қуатты туралы әңгімеледі. Сонымен бірге кеш бағдарламасында белсенділік танытқан Назерке Қалдыбай, Аяулым Сарсенова, Алуа Кәрісбек секілді оқушыларға жеке дайындап келген сый-сияпатын берді.

Бұған дейін қаланың бірнеше мектебіне өзінің кітаптарын тегін таратқан қаламгер Жүзбай Таңрықбаев бұл жолы да бірнеше шығармасын мектеп кітапханасына тарту етті.

Мазмұнды кеш қорытындысында мектеп директорының міндетін атқарушы Гүлжан Тыншбайқызы қонақтарға алғыс білдірді.

«СБ» ақпарат



ІЗДЕУ САЛАДЫ

Қызылорда қаласы, Т.Дәуітбаев көшесі №39 үйдің тұрғыны болған, 1991 жылдың 15 мамырында туылған Байзақова Жанерке Жуманалиевнаны 2023 жылдың 9 тамызынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты анасы Сахипова Шарбан Башеновна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2024 жылдың 4 қазандағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күнінен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефона хабарласуын сұраймын: 8 747 880 47 84.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.